

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 151 – 157

M.I. Igilik¹, B.M. Suiyerkul²

¹2th course master specialty of Linguistics, meirlym@mail.ru;

²Doctor of Philology, Chief science researcher A.Baitursynov Institute of Linguistics, akbotakoz@mail.ru

RELIGIOUS DISCOURSE IN THE WORKS OF ABAI

Abstract. In recent years the study of religious discourse in different aspects is of greatest interest to scientists, as this issue is of great importance for the further development of linguistics. In this regard, the article is devoted to problems of language learning functions in the religious sphere, like a fragment of a language picture of the world. The author examines the religious and philosophical conclusions, reflected in the words of edification of the great Kazakh poet Abay, outstanding thinker. Also the importance and the need to respect the basic principles of theology on research are noted.

Keywords: religious knowledge, linguistic consciousness, language picture of the world, discourse, theonym, teolingvistika

М.И. Игілік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІНИ ДИСКУРС

Аннотация. Соңғы жылдары діни дискурсты әртүрлі аспектіде зерттеу ғалымдардың қызығушылығын тудырып отыр және бұл мәселе қазіргі тіл білімінің дамуы үшін де үлкен маңызға ие. Осымен байланысты, мақалада тілдің дін саласындағы қызметін ғаламның тілдік бейнесінің бір үзгі ретінде зерделеуге талпыныс жасалған. Атап айтқанда, авторлар қазақтың ұлы ақыны, көрнекті ойшыл Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі діни-философиялық ой тұжырымдарын қарастырған. Ғылыми зерттеу жүргізуде дінтану ғылымының негізгі қағидаларын меңгерудің маңыздылығы мен қажеттілігі ерекше аталған.

Түйін сөздер: діни таным, тілдік сана, ғаламның тілдік бейнесі, дискурс, теоним, теолингвистика.

Діни дискурсты зерттеу барысында ғалымдар (А.К. Гадамский) қалыптастырған әртүрлі көзқарастар әлеуметтік маңызы зор дін аясында адамның сөйлеу әрекетін тіл шеңберінде зерделейтін *теолингвистика* атты жаңа кешенді ғылыми пән құру идеясы ұсынылды [1]. Дін саласы дискурстың институционалды типтерімен бір қатарда қарастырылады (В.И. Карасик) [2]. Белгілі бір құндылықтар жүйесін құрайтын күрделі коммуникативтік-мәдени феномен болып табылады (Е.В. Бобырева) [3].

Дін мен тілдің арақатынасын, бір-біріне қарама-қарсы қоғамдық сана формаларының байланысын Н.Б. Мечковская «Язык и религия» атты кітабында жан-жақты зерттеп, антропоэкеті лингвистикаға зор үлесін қосты: «По характеру своего содержания язык и религия занимают в ряду других форм общественного сознания крайние точки: это полярные противоположности. Язык включает в себе самую простую, элементарную картину мира; религия – самую сложную, при этом в содержание религии входят компоненты разной психической природы (чувственно-наглядной, логической, эмоциональной, интуитивной, трансцендентной). Язык и религия, с точки зрения философии, относятся к категориям духовной культуры человечества. Это две формы общественного сознания (наряду с обыденным, или массовым, сознанием, моралью и правом, искусством, наукой, философией, идеологией), т.е. два отображения мира в сознании человечества, два разных образа мира...» [4]. Ғалымның осы еңбегі жарық көргеннен бастап көне әлемдік діндердің тілдегі көрінісіне зерттеушілер назар аударыла бастады, нәтижесінде көптеген теолингвистикалық еңбектер жарияланды. Діни зерттеулердің негізін философиямен байланыстыра қарастырған жөн.

Қазақ философиясы дегенде үлкен әңгіме Абайға тіреледі. Абай Құнанбайұлының философиясының арқауы – адам. Бұл жаңалық емес. Барлық даналар сөздері даналарға арналған. Бірақ, ақын адам туралы сөзді айта келіп, оны Алланың сөзіне тірейді. Сонда Алланың сөзі бар, Адамның сөзі бар. Мәселе сөзде. Оның

дүниетанымдық және философиялық ой-толғаныстарында көптеген мәселелерге көңіл бөлінген. Бүгінгі күнге дейін Абай мұрасының толық зерттеліп болмағанына қарамастан, кезінде М.О. Әуезов белгілеп берген Абай зерттеулерінің негізгі бағыттары: қоғамдық, ақындық, көркемдік эстетикалық, тәрбиелік, ұстаздық, ұждан, мораль философиясы, әсіресе, адам мен адамгершілік мәселелері – оның рухани мұрасының кең ауқымдылығын, тереңдігін көрсетеді [5]. Абай бұл тұста Алланың сөзі аксиома, сен оны ұқ, қабылда деген діни қарадүрсіндікке салмайды, ол Алланың сөзі рас, бірақ оның растығы адамның сөзі арқылы расталмақ деген өте терең философиялық концепция ұсынған.

Абай дүниетанымын тану – қазақ философиясын танудың кілті [6]. Абай VIII ғасырдағы Йоллығтегін, XI ғасырдағы Ж.Баласағұн, XII ғасырдағы Ясауи дүниетанымдарын жаңғыртушы болды. Сондықтан да Абайды «ренессанстық тұлға» (Ғ.Есім) дейміз. Абай өлеңдерінде, әсіресе, қарасөздерінде адам мәселесі әркез бой көтеріп отырған.

Ол үшінші сөзінде: «Жақсы адам деген бұрын болған», - дейді. Халық мүддесін көздеп қызмет еткен адам – жақсы адам. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке немесе Абылай хан. Міне, жақсы адамдар. Абай заманында, елден билік кеткен заманда жақсы адамның болуы мүмкін бе? Жақсы адам, әрине, бар, бірақ жақсы адам жақсы атануы үшін харекет етуі керек [7].

Төртінші қарасөзінде Абай: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі», - дейді. Адам баласының неге жылап туатынын білген бар ма? [7] Қадыр Мырзалиев: «Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып, адам жылап өледі, өзгені де жылатып», – деген еді. Сонда адам баласы неге жылап туады? Адамның табиғаты деген не ғаламат, жылап келіп, кейіп өледі де, сөйтіп ұрып не жасайды - дейді Абай.

Абай жетінші сөзінде жан құмарлығы, тән құмарлығы деген мәселелерге тоқталады. Адамның жаны ірі жаратылған болса, оны хайуанмен салыстыруға болмайды. Адам жаны өте күрделі. Адам жанының өзегі-дүниеге құмарлығы.

Абай он үшінші сөзінде «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз ешқашан да жалған болмас» деген. Осындағы жалған болмайтын нәрсе –иман. Алланың өзі рас. Алланың сөзін рас деп мойындау және оны қабылдау – имандылық. Ал қате нәрсені істейтін – адамдар, яғни иманы жоқ адам дегеніміз – Алланың растығын, оның сөзінің растығын, дүние болмысының растығын білмеген, түсінбеген адамдар, біле тұра қабылдағысы келмеген адамдар.

Он төртінші қара сөзінде Абай: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?» дейді. Абайдың анықтауында адамның болмысындағы ең аяулы жері –жүрек. «Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Одан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рахымдылық, мейірбандық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі». Ол жүректі адамдық мәселелермен байланыстырады.

Абай он бесінші сөзінде: «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім» дейді. Ақылды кісі, ақылсыз кісі дегендер – шартты ұғымдар. Адамды өне бойы ақылды не ақылсыз болып жүреді деу қиын нәрсе. Ол жағдайына, ісі мен харекетіне байланысты. Осы жердегі «парық» атқарылған істің өзінен және оның нәтижесінен көрінбек. Ол дұрыс іс болды ма? Бұл күрделі проблема және оның ақылды-ақылсыздығы көп кейін анықталмаған [4].

Абайдың айтуынша, пенденің өз басында еркі жоқ, барлығына тәуелді-байғұс. «Пенде» деген бар адамға ортақ ұғым. Философияда индивид деген түсінікке жақын. Пенде періште емес. Періште біз сияқты емес, рухани нәрсе. Пендеге киім керек, жақсы тамақ керек, дүниені қызықтайды. Пендешілігі оны жақсылыққа да, жамандыққа да алып барады. Оны біз қызығушылық дейміз. Пендешілік дегеніміз осы қызығушылықтан шығады. Дүниеде пендешіліктен тыс тұрған адамды көрсетіңізші. Ешкімді таба алмайсыз. Жай адамдарды былай қоя тұралық, тіптен әулиені алыңыз. Пенделіктен олар да құралақан емес. Пенде жеке басының қамы үшін, жан сақтау үшін арын сатуға дейін барады. Отыз сегізінші сөзінде Абай айтқандай, пенденің «толық адам» болуына Алла ерік берген. Адам Алланың берген еркін дұрыс пайдалана алмаған, пендешілік жасап, шайтанның торына түсіп отырған. Профессор Ғ.Есімнің пікірінше, ақынды қызықтырған шайтанның бейнесі емес, оның мұңға батуы, ал оған кінәлі адам: «дүниеге мұң әкелген – Адам, оған дейін әлемде мұң болмапты. Шайтан дейтін ұғым адамға дейін болмаған. Демек, дүниеге ізгілікті де, зұлымдықты да әкелген – адам» [4].

Абай: «Әуелі пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды». «Пенде» деген бар адамға ортақ ұғым. Философияда индивид деген түсінікке жақын. Пенде періште емес. Періште біз сияқты емес, рухани нәрсе. Оған киім керек, жақсы тамақ керек, дүниені қызықтамайды. Пендешілігі оны жақсылыққа да, жамандыққа да алып барады. Оны біз қызығушылық дейміз. Пендешілік дегеніміз ол осы қызығушылықтан шығады. Дүниеде пендешіліктен тыс тұрған адамды көрсетіңізші. Ешкімді таба алмайсың. Жай адамдарды былай қоя тұралық, тіптен әулиені алыңыз. Пенделіктен олар да құралақан емес.

Пендешіліктің арғы жағында құмарлық, одан қызығушылық жатыр. Адам дүниенің қызығы дегенді түсіне бастаған кезде пендешіліктен кете бастайды. Ол Абай айтқандай кәміл адам болмақ. Дүниенің мәнін түсінген адам пендешіліктен алыстай бастайды. Әулиенің өзі пенде дедік. Неге? Алла тағала адамға

мүмкіндік берді, оған дүние қазынасын пайдалансын деді. Біздер адамдар әрқашан пендешілігімізді көрсетіп аламыз. Мәдениетті адам дегеніміз пендешілігін жасыра алатын адамдар. Абайдың сөзіне құлақ түрсек: «Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса, құлақ, ойланса, көңіл сүйсінгендей болады екен». Сүйсінсе, орынды сүйсінетін, қызығушылығы бар адамды Абай есті адам дейді. Және ол тек қызығушылық демейді, мөлшерін білетін адам, осындай адамдардың өткен өмірден өкініші жоқ болады екен дейді. Өмірде жиі көрінетін көрініс: кей адам бүкіл өмірін теріп, өткеніне өксіп, өкініп отырады. Абайдың ұғымында бұл ақылсыз адам. «Егер кісі орнын таппай, не болса сол баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен». Бағасызды қуды, көрінгенге елікті, итқорлыққа түсті, енді өкінгенмен не пайда? Ол сабақ алар дейін десек, істегені сабақ аларлық есті кісінің түрі емес. Сабақ алу деген – ақылды адамның үлесі. Ақылды-ақылсыз адамды Абай осылай ажыратады. Абай айтады: «Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзіп байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен». Осыған не алып, не қосуға болады. Сөз ақылды және ақылсыз адам туралы болып отыр. Мынау ақылсыз адамның мас болуы. Ал ақылды адам қайтеді?

«Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен». «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмасына жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал». Есті кісі мен ақылсыз кісінің айырмасы туралы біраз пікір білдірдік. Есті адам өзінен өзі есеп алып, қате кетсе содан сабақ алып, бағытын түзеп, жан-жағын салмақтап отырады. Есерде ол жоқ. Есеп алу деген – тазалану деген сөз.

Абай он сегізінші сөзінде адам баласы несімен сүйкімді, қалай жүрсе дұрыс болады деген тақырыпта ой өрбітіп, бірталай дүниелердің басын ашады. «Адам баласына жыртқыссыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киіміп былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс» дейді. Бұған ешкімнің дауы жоқ. Осыдан адамның әсемдікті қабылдауы, тазалық, көркемдік туралы түсінігі, адамның санасы тәрізді басқа мәселелер шыға бастайды.

Он тоғызыншы сөзінде Абай: «Естілік және білімділік» туралы сөз қозғайды. «Адам ата-анадан туғанда есті адам болмайды». Демек, есті болу үшін не керек? Әуелі оның алдында есті адам болу керек, соны тындау керек, көңілге тоқуы, ілгерінің үлгі өнегесін көру керек. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың», - деген, көрумен қатар сөйлеу де керек, ащы мен тұщының дәмін тату, жақсы мен жаманды ұстап, ажырата білу мәселесі ғұламалардың да, ел бағушы адамдардың да, қарапайым халықтың да алдынан үнемі шығып отырады. Біз көбінесе жақсы мен жаманның орнын ауыстырып аламыз. Жақсыны деп басып, ажырата білсек, Абай айтқандай біздің есті болғанымыз.

Жиырма бірінші сөзінде Абай «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс». Мақтан адамның болмысында ерекше орын алады. Мақтан – адамның ісі, hareketіне, санасына, зердесіне, атқарып жүрген қызметіне байланысты өзге адамдардың айтатын пікірі. Мақтан – адамның іс, hareketін білдіретін, адамға тән, қоғамда болатын құбылыс, ұғым.

Абай жиырма тоғызыншы сөзінде адам және періште мәселесін қозғайды. Періште – рухани нәрсе. Адам өсіп өнеді. Адамда заттық болмыс бар дейді. Періште өнбейді. Алтын адамға керек. Періште таза идеал. Адам өзінің күйі тірлігінде адамшылығынан шеттеп жасаған нәрссені періштені көлденең тартып, ақталмақ болады.

Абай өз қарасөздерінде ауқымды дүниетанымдық мәселелерге бойлайды. «Жұрттың бәрі біледі өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды жібермейтұғынын. Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды». Бұл сөз адам өмірі мен өлімі философиясы. Адам баласы қашанда өмір мен өлім құпиясын білуге құштар. Жоғарыда көрсеткендей, Қорқыт философиясындағы адам өмірі мен өлімі мәселесі Абайда да бой көрсетін тұр. Абай: «нанады, ақылына тексертіп нанбайды», - деп отыр. Адамдардың ақиқатқа ұйып сенуі және жаратқан ісіне тағдырдың жазуы деп сенуі барын айтып отыр [4].

Абайдың осы сөздегі байламды мәселенің бірі – адамға қатынасы. «Адам баласына адам баласының бәрі – дос». Одан әрі бұлай болудың себептеріп ашып береді: «Не үшін десең, дүниеде жүргенде тууың, өсуің, тоюың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсекызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?». Адам баласының бәрінде осындай түсінік болса деп, Абай ұлы сөзін жазған. Және Абайдың бұл сөздері – мәңгілік мәнді сөздер. Абай көтерген осы адамдық мәселелер бүгінде бар. Абайдың негіз етіп отырғаны – адамның болмысы ортақ, екі дүние ортасындығы көретіп қызығы мен тартатын қайғысына дейін, әрине, тең жағдайда, бірдей. Абай сөзін мынандай жолмен аяқтаған: «Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікің әпер демек – ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай – біреу үшін біреуге жәбір қылуына не лайығы бар?»... Екі ауыз

сөздің басын қосарлық не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «Өй, Тәңірі-ай» – деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам? Осы жерде Абай адамның қылықтарына да сын айтып отыр. Бұл жерде сөз болып отырған екі мәселе. Бірі – адамдардың құдай жолындамын, оған сенемін дегендегі сенім түрі, яғни оны қабылдау жолы да, екіншісі – олардың осы түсініктеріне сай әрекеттері туралы. Әрине, тілемсектің, өзіне-өзі сенбей, не құдайына сенбей пендеге иек артуы, тіптен маған ананикін алып бер деп, құдайшылыққа қарсы әрекет көрсетуі – бәрі де Абайдың айтып жүрген адамшылыққа жат қылықтары. Абайды толғандырып отырған ұсақ-түйек тірлік емес, адамның өзінің құдай тағала жаратқандағы жағары мұраттарға сай болуы, өлім мен өмірдің не екені туралы түсінікке келуі тәрізді әлемдік мәндегі күрделі, мәңгілік тақырыптарға келіп, адамның рухын қозғайтын, оны жетілдіретін мәңгілік философиялық мәселелерді көтеріп отыр.

Адамдағы «Ұят» және «Иман» мәселесін Абай отыз алтыншы сөзінде қозғайды. Мұның өзі адамдар мен хайуандардың аражігін ажырататын нәрсе. Адамда ұят бар, хайуан оны сезіне алмайды. Мұны адамдардың рефлексиясы дейміз. Ұяты бар адамда иман бар, ұятты адам иманды адам деп санайды Абай. Біз – пендеміз. Мінсіз – Алла ғана. Ұят деген ұғым Аллаға қатынасты болуы мүмкін емес. Мінді адам, ол пенде. Кейде әлдебір нәрсеге қызығушылықтан шамасын парықтай алмай қаламыз, кейде қайғыны да мөлшерлей алмаймыз. Одан да ұятты іс жасауымыз ықтимал. Я болмаса нәпсіге жеңдіреміз. Нәпсі деген адамның жауы.

«Ұяты күшта адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіс қылған қысымның аты» [4]. Мұнда Абай адамдық танымдағы ұяттың күшін айтып тұр.

«Ұяты күшти адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіс қылған қысымның аты». Абай адамдық танымдағы ұяттың күшін айтып тұр.

Отыз жетінші сөзінің құрылымы өзгеше. Қысқа-қысқа жиырма үш тармақтан тұрады. Бәрі нөмірленген. Соның біріншісінде: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес...»- дейді. Бұл сөзді Абай әншейін айтып отырған жоқ, рас, жақсы істі бастап, аяғын шашып кететіндер көп. Абайдың айтып отырғаны – адамның жай бір нәрсесі емес, күнделікті кәсіпке қатысты, үлкен істі бастау. Адамның адамшылығы осылай көрінсе керек.

«Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырын» - бұл Абайдың негізгі қағидасы.

«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» - дейді. Бұл жерде сөз адам мінезін тәрбиелеу туралы. Мінез дегенде екі нәрсе бар. Бірі – биологиялық табиғатындағы тұқым қуалаушылығы, екіншісі – қоғам ықпалымен қалыптасуы. Мінез түзеледі дегенде Абай оның екінші жағына қатысты айтқан.

«Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниедегі бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?» Керемет терең сөздер [4]. Дүниеде жалғыз қалған адамның өлгені дегенде екі мәселеге тоқталуға болады. Дана адамдардың жалғыздығы. Абай сияқты дана адамдар үнемі де жалғыз, себебі, олар өзінің өсуі жолында халқынан озып, алдында кетіп қалғандықтан жалғыз болып қалмақ. Бұл – бір. Екіншіден, әр адамның басына келетін жалғыздық. Абайдың айтып отырғаны – алғашқысы.

Отыз сегізінші сөзінде Абай: «Адам ұлының мінездері туралы» сөз өрбітеді. Мұның өзі философиялық трактат десе болады. «Ей жүрегімнің қуаты перзенттерім!» – деп бастайды ол. «Жүрегімнің қуаты» дейді. Яғни, жүрегімнің қуаты – адамдар. Ол алғашқы сөздерінде адам мінездері жөнінде көп нәрсе айтқан еді. «Еріншектікті айтты, жалқаулықты, жақсылықты, жамандықты, талаптылықты, талапсыздықты т.б. нәрселерді айтты». Өздеріңіз ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың телеуі-махаббат. Әулие адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселермен. Жалпы махаббат деген Абай дүниетанымында үлкен орын алады. Осы «дүниетаным» деген сөз Абайда жоқ. Оның көзқарасында осы дүниетанымдық қызмет атқаратын ұғым – махаббат. Абай бұл тұста ұсақ қылықтарды айтқалы отырған жоқ. Жүрегімнің қуаты, сендердің бүкіл тіршіліктерің, болмыстарың – міне, Абайдың айтқалы отырғандары осылар [5].

Абай өзінің «Алланың сөзі де рас, өзі де рас» өлеңінде: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті». Сонда Абай адам мәселесін тағы көтерін отыр. «Олардың адамдығының кәмәлет таппағы – қиынның қиыны. Себебі, Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жолы», - дейді. Бұл жердегі айтар нәрсе – ақиқат. Ақиқаттың түбі – адамда. Бұл жерде Ясауидің «Хикметінің» арқауы болғанын көруге болады.

Абайдың осы сөзінде иман, имандылықты айтады. Бұл мәселе де адаммен тығыз байланысты. Иман келтіру – Алланы тану. Алланы тану деген – өзіңді тану деген сөз.

Абайдың мына сөзіне назар аударайық: «Сіз әмәнту билләһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи» дедіңіз. Ол есім Аллалар һәмма ол Алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кәміл үйрен «затиялар» деген сөз субстанциялар деген мағынада. Сегіз сипаты – сегіз субстанция. Абай адам Алланың сегіз сипатын біліп қана қоймай, оны ұғуы қажет дейді. Адам мен адамның байланысының негізі де осы сегіз сипат болып табылады.

«Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес». Алланың сыры – тылсым. Тылсымның мәні оның сол тылсым болуында [4]. Біз Алланың сырын ешқашан білмек емеспіз. Абайдың «түгел білмекке мүмкін емес» деп отырғаны сол. Алла тылсым, адам да тылсым. Бірақ екеуінің айырмасы – адамның сыры Аллаға мәлім. Алланың сыры да, өзінің сыры да адамға тылсым. Адамның сыры Алланың сырын білінген дәрежеде меңгергенде ол білімге, ғылымға, күшке айналады. Ол – бір жағы. Екінші жағы, адамға қатысты тылсымдық мәні – Алла адамды жұмбақ етіп жаратқан. Адамның жаратылуының құпиясы Аллада, адамның қолында емес. Адамның жұмбақтығының өзі Алланың тылсымдығының бір көрінісі.

Абайдың айтуынша, адамның ақылы қысқа, өлшеулі. Алла өлшеусіз. Жаратушыны өлшеулі ақыл танып білмейді. Үлкен ақыл Аллада. Бұл жердегі мәселе мынада: адамды да мінсіз етіп жарату Алланың қолынан келіп тұр, бірақ онда Алла мен адамның айырмасы болмай қалар еді.

«Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды жаратты...» дейді ұлы ақын. Мұның алғашқы жартысы ұғынықты. Екіншісіне назар салсақ, хайуандарда сана жоқ, бірақ оларға ие керек. Ол ие – ақыл иесі адам. Ендігі жерде Алланың құдіретімен берілген, бірақ оларға осы қасиет арқасында адамның барша табиғатқа қамқор болуы міндеттелген. Адамның осы қуаты кемісе, экология деген проблема туады [4]. Табиғатқа қарсылық деген – Алла тағаланың еркіне қарсылық, адамның өзіне жасап отырған қастандығы. Абай «Жан иесі хайуан», - дейді. Адамда жан бар. Ол «ақыл иесі» - дейді. Демек, адам ақылды, саналы болғандығынан бәрінен жоғары, бәріне жауапты.

Одан әріде Абай өз ойын былай сабақтайды: «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт һәм махаббат бар». Бұл – терең сөз. Ол дүниеде жаратушы алдында жауап беруші адам баласы.

«Жұртқа жақсылық істе және өзін де қайырымды бол. Өйткені Алла жақсылық істеушіні жақсы көреді. Сондай адамдар құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді. Ондайлардың орны мәңгі жұмақта». Адамның орнын анықтауда Абай тереңге бойлай түседі.

«Енді біздің бастағы тағриф бойынша құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтты, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһатің шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсанияттың бар болады. Белгілі жауанмәрттік үш хаслат бірлән болар деген, сиддик, кәрәм, ғақыл – бұл үшеуінен сиддың ғадаләт болар», - дейді. Бұл жердегі мәселе жауанмәрттікте. Жауанмәрттікті қазақша жақсы адам деп аударған. Абай мұны категория ретінде қолданып отыр. Абайдың түсінігіндегі толық адам, толық мұсылман. Шындық, ізгілік, даналық тәрізді мәңгілік ұғымдардың сол адамның сипаты болуы да осыдан. Бірақ, үш сипат болуы оның жауанмәрттігіне әлі де кепіл емес екен. Ол үшін тағы тәхмин қажет. Тәхмин дегеніміз – шама [5]. Яғни үш сипат өзара жарасымын табуы, бірін-бірі басып кетпеуі үшін шама немесе өлшем керек. Бұл да аз. Енді «.. тәхмин бар қылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж берін гүлдендірмек, бәлки адам өз халінше кәмәләтқа жеткізбек, жәһәтінде болмақ». Мұндағы «рауаж» деген гармония деген сөз. Шындық, ізгілік, данышпандық жарасым табуы керек. Сөйтіп барып жауанмәрттік көрінеді, толық адам, толық мұсылман шығады. Абай адамның адамшылығы қалай көрінеді деген мәселеге осылай жауап береді.

Осыдан соң «кәмілетке жетеді» дейді. Кәмілет деген – толу. Яғни үш сипат тәхмин арқылы рауажданып, кәмілетке жеткенде жауанмәрттік (толық адам) шығады [6]. Сонымен, «жауанмәрттік» - Абайдың адам туралы концепциясының бір үлкен мәселесі. Бұл оның философиясындағы адам проблемасының арқауы. Абай осы сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Өуелі – надандық», - дейді. Еріншектік, залымдық осының жалғасы. Абай жан-жақты жетілген адам идеясын «махаббат философиясымен» байланыстырады [4].

Қырық үшінші сөзінде Абай: «Адам ұғлы екі нәрседен: бірі-тән, бірі-жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибилі, қайсысы кәсіби – оны білмек керек» - дейді. Абайдың негізгі тақырыбы – адам. Дүниедегі ең жеңіл түсінік те, ең ауыр түсінік те адам туралы. Жеңіл дейтініміз – адам туралы нені болсын айта саламыз. Ауыр жағы – оның болмысын жетіп түсіну. Тән мен жан дегендер адам болмысының күрделі проблемалары. Абай өлеңдерінде тән мен жан туралы көп айтқан. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», - деген өлеңінде «мен» және «менікі» деген ұғымдар туралы құнды ойлар айтқаны белгілі. Абай Құнанбайұлы бұл жерде өлім мен өмір арасындағы болмысты сөз етіп отыр. Абай тәнге қатысты нәрселерді «жибилі» деген ұғыммен берген. Яғни тәнге қатысты, тәннің қажеттерін өтейтін істердің бәрі – жибилі. Тәннің қажеттілігі не? Ішсем, жесем, көрсем, ләззат алсам деген нәрселер. Бұл туралы Бағыста да, Шығыста да айтулы концепциялар жасалған.

Жанға қатысты нәрселерді Абай «кәсіби» дейді. Абай осы жерде жанға және тәнге қатысты проблемалар қойып отыр. Олардың бірігу проблемасы адамға, оның өміріне келіп тіреледі.

Қырық төртінші сөзде: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз», - дейді. Талап адамның өз әрекетіне байланысты ма, әлде табиғи жағдай ма? Жалпы адам баласы талапсыз болуы мүмкін бе? Талапсыз адам адам ба? Сонда Абай айтады: адам баласының ең жаманы – талапсыз деп. Жан қуаты, тән қуаты дегенде сол

қуаттың өлшемі талап болып тұр. Адамның ең жаманы талапсыз дегенмен, талапсыз адам жоқ. Оның қуаты қандай, мәселе сонда.

«Адамшылықтың алды – махаббат, ғадаләт, сезім» - дейді Абай қырық бесінші сөзінде. Адамдық қасиеттің жоғарғысы адамшылық жайлы сөз қозғап отыр. Махаббат дегеніміз алдымыздан жиі шыға береді. Неге? Ясауиды танымай Абайды тану өте күрделі. Абайдағы махаббат – Алла мен адам арасын байланыстырып тұратын сезім. Адам мен Алланың қатынастылығы осы махаббат арқылы көрінеді. Осыдан адамшылықтың алды махаббат, ғадаләт, сезім дегенге келеді.

Абай өлеңдерінде де адам мәселесіне қатысты философиялық тұжырымдар мен толғамдар көптеп кездеседі. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман...» деп келетін өлең жолдарындағы «қайғы» - философиялық, дүниетанымдық ұғым. Оның орны адам болмысында биік. Адамның қайғы ойлауы дегеніміз, оның дүниенің мәніне үңіліп, мәңгіліктің тылсым табиғатына тереңдеуі. Абай қайғы ойлаған (қайғылы емес) адамның арманы ұлғаяды деген пікірге келген.

Сонда «ұлғайған арман» деген не? Оны Абай қай мәнінде қолданған? Арманның ұлғайғаны, оның өз арнасына түсуі. Арман арнасы – үміт. Үміт – адамның тіршілігінің нақ қуәсі. Үмітсіз – адам болмайды.

«Адамның тауып айлсын, кісілікті ойламай» Абай осы өлеңде «адамның айласы» және «кісілік» ұғымдарын сыйғызған. Бұл екеуі бірінсіз-бірі болмайтын, бірақ екі түрлі түсінік.

Адамның айлсын табу – оны қалайда қолға түсіру, оны өзіне қызмет еткізу. Бұл жол – тиянақсыз, тайғанак жол., қауіп-қатері мол. «Личность» деген ұғымды қазақтың «кісілік» дегені толық ашады [4].

Міне, Абайдың қарасөздерінен келтірілген мысалдардан оның өмірлік ұстанымы, діни сауаттылығы, шығармашылықпен айналысқандағы түпкі мақсаты, діттемі анық аңғарылады. Демек, Абайдың қарасөздерін өскелең ұрпаққа, сол кездегі қазақ қоғамына, жалпы адам баласына айтылған өсиет деп қана емес, сол дәуірге тән ғаламның лингвотеологиялық бейнесін де танытатын аса құнды мұра деп санауға толық негіз бар. Ондағы тілдік материалды теоллингвистикалық зерттеулер жүргізуде пайдаланудың берері мол болмақ!

Сонымен мақалада қазақ топырағында пайда болып, тарихи күрделі даму үрдістерінен өткен, небір қилы қайшылықтарға толы қазақ философиясының негізгі кезеңдеріндегі адам мәселесі жайлы сөз қозғалды. Көрнекті ойшылдар, ақындар шығармашылығындағы адам тақырыбына бару, жалпы қазақ философиясындағы адам мәселесін жүйелеп көрсету – күрделі мәселе. Ол әр дәуірдің ұлы тұлғаларының шығармашылығында белгілі бір дәрежеде айшықталып отырған.

Абай Құнанбаев дүниетанымындағы адам мәселесі бүгінгі күні де өз күшін жоймаған, ауқымы кең тақырып. Әрбір халық өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес [4]. Мәдениеттің, философияның дамуы адам проблемасына терең бойлауға мүмкіндік береді. Көшпелілер философиясындағы келелі адамдық мәселелер Ясауи, әл-Фараби, Абай көзқарастарында дамып, өзіндік сипат алады. Қазақ халқының рухани болмысы ата-баба мұрасынан айқын көрінеді. Рухани мұра жүйесіндегі қазақтың философиялық ойлау элементтерінен бастап қазіргі замандағы толысқан философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы үлкен орын алды. Оның негізгі бағыттарының бірі өзіміз сөз қылған – адам туралы ілімдер еді. Бұл мәселелер, сөзсіз, бастауын діннен алады. Бүкіл ғылымның түпбастауын діни танымнан іздеуге тиіспіз. Ал танымның қайсыбір типін немесе формасын алсақ та, ондағы күллі ұғым-түсініктер тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Сондықтан осындай тілдік бірліктер арқылы таңбаланған діни, философиялық ұғымдардың ауқымын, мәнін тереңірек түсіну үшін, діннің қазіргі ұжымдық санадағы орны мен ролінің қандай екенін айқындап, қандай болуы тиіс деген сұрақтарға жауап беру үшін бұрын-соңды діни бағытта жазылған мәтіндерге теоллингвистикалық талдау жасаудың маңызы зор болмақ.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Гадо́мский А.К. Религиозный язык – теоллингвистика – языковедение // Ученые записки Таврического национального университета им.В.И.Вернадского. – Симферополь: ТНУ, 2007. – С. 287-292. – (Тр. ЛНУ; Т.20, вып.59 (1). Сер. Филология).
- [2] Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М.: Гно-зис, 2004. – 390 с.
- [3] Бобырева Е.В. Религиозный дискурс: ценности, жанры, стратегии (на материале православного вероучения) : автореф. дис. ...д-ра филол. наук. – Волгоград, 2007. – 37 с.
- [4] Мечковская Н.Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуман. вузов. – М.: Агентство «ФАИР», 1998. – 352 с.
- [5] Ғ.Есім. Абай ағартушы болған ба? // Сана болмысы. А., 1996 ж. 95 б.
- [6] Абайдың дүниетанымы мен философиясы. А., 1995 ж. 77 б.
- [7] Абай. Қара сөз. Поэмалар. А., 1993 ж. 76 б.

REFERENCES

- [1] Gadomskii AK Religious language - teolingvistika - Linguistics // Scientific notes of Taurida National VI Vernadsky University. - Simferapol: TNU, 2007. - P. 287-292. - (Tr / TNU, T.20, vyp.59 (1) Ser Philology...).

- [2] Karasik VI Linguistic Circle: Personality, concepts, discourse. - М.: SNO-sis, 2004. - 390 p.
- [3] Bobyrev EV Religious Discourse: values, genres, strategy (based on the Orthodox Faith): Abstract. Dis. ... Dr. Philology. Sciences. - Volgograd, 2007. - 37 p.
- [4] Mechkovskaya NB Language and religion: A guide for students humane. universities. - М.: Agency "FAIR", 1998. - 352 p.
- [5] Esim G. Was careful educator? // The nature of consciousness. A. (1996). 95, p.
- [6] Abai's outlook and philosophy. A., 1995. 77, p.
- [7] Abay. Black. Poems. A., 1993. 76, p.

М. И. Игилик¹, Б. М. Суйеркул²

¹магистрантка 2 курса по специальности 6М021300 Лингвистика;

²д.ф.н., главный научный сотрудник ИЯ им. А.Байтурсынова

РЕЛИГИОЗНЫЙ ДИСКУРС В ТВОРЧЕСТВЕ АБАЯ

Аннотация. В последние годы изучение религиозного дискурса в разных аспектах представляет наибольший интерес для ученых, также данный вопрос имеет огромное значение для дальнейшего развития языкознания. В связи с этим статья посвящена проблемам изучения функции языка в религиозной сфере как фрагмента языковой картины мира. Авторами рассматриваются религиозно-философские выводы, отраженные в словах-назидания великого казахского поэта, выдающегося мыслителя Абая Кунанбаева. Также отмечаются важность и необходимость соблюдения основных принципов теологии при проведении научных исследований.

Ключевые слова: религиозное познание, языковое сознание, языковая картина мира, дискурс, теоним, theolinguistics.